

«БЕКІТІЛДІ»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры
Р. Емелбаев
« _____ » 2022 ж.

Жаратылыстану-математика бағыты
«Физикалық география» пәні бойынша оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін
жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай
тестілеуге арналған тест спецификациясы

(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын бітірушілердің жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В174-Геодезия және картография

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Жер – Күн жүйесінің ғаламшары	01	Жер туралы жалпы мәлімет.	Жердің пішіні мен өлшемдерінің географиялық маңызын түсіндіру.
		02	Жердің тәуліктік және жылдық қозғалысы.	Жердің тәуліктік және жылдық қозғалыс үдерісін түсіндіру.
		03	Күн жүйесі.	Күн жүйесінің құрылымын және Жердің ішкі құрылымын сипаттау.
02	Литосфера және жер қыртысы	04	Литосфера. Литосфералық такталардың қозғалысы.	Литосфераның құрамы мен құрылымын, жер қыртысының түрлерін, тектоникалық қозғалыстарды және литосфераның тектоникалық элементтерін сипаттау.
		05	Минералдар. Тау жыныстары.	Тау жыныстары мен минералдарды қалыптасу тегі бойынша жіктеу, олардың физикалық қасиеттерін анықтау.
		06	Жер сілкінісі және вулканизм.	Жер сілкінісі мен вулканизмнің пайда болуы арасындағы

				себеп-салдарлық байланыстарды сипаттау.
03	Атмосфера және климат	07	Атмосфераның құрылысы мен құрамы. Жер бетінің жылуы.	Атмосфераның құрамы мен құрылымын, жер бетіндегі жылудың таралу заңдылықтарын түсіндіру.
		08	Атмосфералық айналым.	Жер бетіндегі атмосфералық циркуляцияның таралу заңдылығын түсіндіру.
		09	Ауа райы. Климат	Ауа райы мен климатты қалыптастырушы факторларды түсіндіру.
04	Гидросфера	10	Гидросфера және оның құрамы. Дүниежүзілік су айналымы.	Гидросфераның және дүниежүзілік су айналым жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру.
		11	Дүниежүзілік мұхит суы. Құрлық сулары.	Дүниежүзілік мұхитты үздіксіз су айдыны ретінде қарастырады, құрлық суларының пайда болу мен таралу заңдылықтарын түсіндіру.
05	Биосфера	12	Биосфера туралы жалпы мәліметтер. Биосфераны қорғау. Топырақ туралы түсінік	Биосфераның құрамы мен құрылымын, топырақ жамлығысын қалыптастырушы факторларға сипаттама беру.
06	Геоморфология	13	Өсімдік жамылғысы. Фитоценоз	Өсімдіктер жамылғысының жер бетінде таралу заңдылықтарын түсіндіру.
		14	Геоморфология ғылым ретінде.	Геоморфология ұғымына анықтамасы, геоморфология бөлімдерін сипаттау, геоморфология білімін адам қызметінің басқа салаларында қолдану мәселелерін талқылау.
		15	Бедерді картаға түсіру.	Картада бедерді бейнелеудің әдістерін ажырату және қолдану.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Физикалық география» пәні бойынша бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмаларынан тұрады. Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Тұяқбаев Н., Арыстанов К., Әбішев Б. Жалпы геология курсы (редакциясын басқарған профессор Тұяқбаев Н.); Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы; Білім, 1993.-248 б.

2. Құсайынов С.А. Жалпы геоморфология, Оқулық. — Алматы: Дәуір, 2012. — 368 б.

3. Әбілмәжінова С. Ә. Ә Жалпы жертану: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012 ж. - 408 бет



«Дәуір»

2022 ж.

AD

Demir

Handwritten signature

Handwritten signature